

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін

Ректор

У. Умбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі

(№ 7 хаттама, «29» 2024 жыл



«БОЛАШАҚ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2024

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Ғылыми-зерттеу институтының міндеттері
3. Ғылыми-зерттеу институтының қызметі
4. Ғылыми зерттеу институтының жұмысын ұйымдастыру

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Болашақ» ғылыми-зерттеу институты ЖШС-нің қызметі Ғылым және технологиялық саясат туралы Қазақстан Республикасының Заңы (2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ), Қазақстан Республикасында 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына, бұйрықтарға, нұсқаулықтарға және университет жарғысына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

1.2 «Болашақ» ҒЗИ ЖШС ұйымдастырудың негізгі мақсаты іргелі ғылыми негіздер мен қолданбалы зерттеулерді дамыту болып табылады.

2. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау, қамтамасыз ету және жүргізуге жәрдемдесу;
- өңірде жаңа технологиялар, материалдар жасау, маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу мақсатында ғылымды қажетсінетін жаңа технологияларды әзірлеу және іске асыру процестерін қарқындету;
- мамандарды және ғылыми - педагогикалық кадрларды даярлау сапасын арттыруға, ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;
- ғылыми зерттеулердің жобалары мен жоспарларын әзірлеу;
- қазіргі ғылыми-техникалық деңгейде зерттеулер мен әзірлемелердің орындалуын ұйымдастыру;
- жүргізілетін жұмыстардың жоғары тиімділігін қамтамасыз ету;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының уақытылы және сапалы орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- қажет болған жағдайда жүргізілетін зерттеулерді мемлекеттік тіркеуді, тапсырыс берушіге ұсынылатын ғылыми-зерттеу іздестіру жұмысы бойынша есептіліктің уақытылығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету;
- штаттық ғылыми қызметкерлерді, профессорлық-оқытушылық құрамды студенттердің, магистранттардың ғылыми жұмыстарын басшылыққа алуға, сондай-ақ дәрістер оқуға, ҚР ғылымын дамытудың басым бағыттары бойынша семинарлар мен сабақтардың басқа да түрлерін өткізуге жәрдемдесу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін магистранттарға өзінің зертханалық базасын ұсыну;
- жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуға және жаңа оқу, ғылыми зертханалар құруға қатысу;
- семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар ұйымдастырады;
- деректер банктерін және бағдарламалық-ақпараттық өнімдерді қалыптастыруды және өткізуді жүзеге асырады;
- Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің оқу орындарымен, ғылыми ұйымдарымен ғылыми байланыстар орнатады және қолдайды;
- Университет студенттерін, магистранттарын ЖОО аралық, өңірлік, қазақстандық және халықаралық ауқымдағы студенттік ғылыми конференциялардың жұмысына қатысуға дайындауды жүзеге асырады;
- ғылыми есептерді дайындауды және жазуды жүзеге асырады.

3. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

- Ғылыми зерттеулер жүргізуді қолдауды ұйымдастыру;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптық жоспарын қалыптастыруды әкімшілік басқару, оның орындалу барысын бақылау, кешенді, пәнаралық мәселелер бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастырады;

- «Болашақ» ҒЗИ мақсаттары, міндеттері мен негізгі бағыттарында айқындалған шектерде университеттің ғылыми қызметті мемлекеттік басқару және қаржыландыру органдарымен, бюджеттен тыс қорлармен және ҚР-да және шетелде ғылымды қаржылық және материалдық қолдауды жүзеге асыратын ұйымдармен өзара іс-қимылы;

- жалпы университеттік ғылыми бағдарламалар, гранттар және т.б. шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жедел әкімшілік басқару;

- университеттің тиісті қызметтеріне бухгалтерлік және статистикалық есептілікті ұсыну;

- ғылыми жобалар, бағдарламалар және шаруашылық шарттар бойынша жұмыстарды орындауға университет бөлімшелерінің оқытушыларын, қызметкерлерін, магистранттары мен студенттерін, сондай-ақ ҚР жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының мамандарын, институт директорының ұсынуы бойынша шетелдік мамандарды тарту;

- университет Ғылыми кеңесіне институттың ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері және ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары туралы жыл сайынғы есеп дайындау;

- университетте ғылыми зерттеулерді дамытуға байланысты басқа да қызмет бағыттары.

4. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- «Болашақ» ҒЗИ штат құрамы институт директоры айқындайтын және университет ректоры бекіткен штат кестесіне сәйкес қалыптастырылады.

- «Болашақ» ҒЗИ директоры өз құзыреті шегінде барлық ведомстволарда, отандық және шетелдік кәсіпорындарда, фирмалар мен ұйымдарда университеттің ғылыми қызметін ұсынады, институттың барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді, осы Ережеде және, университет Жарғысында, заңнамада көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

- «Болашақ» ҒЗИ директоры институт қызметінің өз құзыретіне кіретін барлық мәселелерін дербес шешеді және институт қызметінің нәтижелері үшін университеттің ректоры алдында жауапты болады.

- «Болашақ» ҒЗИ қызметінің осы Ережеде көзделмеген барлық мәселелерін университеттің ғылыми және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры «Болашақ» ҒЗИ директорымен бірлесіп шешеді.

- осы Ережені, сондай-ақ оған барлық өзгерістер мен толықтыруларды университет ректоры белгіленген тәртіппен бекітеді.

